

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1999 жылғы 4 наурызда 699-шы нөмірмен тіркеген, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті мен Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің "Электр энергиясын аймақтық және/немесе жергілікті деңгейлердегі электр жүйелері бойынша беру Ережелерін " бекіту туралы" 1998 жылғы 20-шы қарашадағы N 23-ОД және N 239-шы бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі 1999 жылғы 29 наурыз N 04-ОД. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі 1999 жылғы 29 наурыз N 73. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 26.04.1999 ж. тіркелді. Тіркеу N 738. Күші жойылды - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 152, ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 31 мамырдағы N 177 -Н Бірлескен бұйрығымен

#### *-----Бұйрықтан үзінді-----*

*"Заң актілерін жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 77-ө өкімін орындау үшін, нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келтіру мақсатында*  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :**

*1. Мынадай бірлескен бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын:*

*"Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті және Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің "Аймақтық және/немесе жергілікті деңгейлерде электр желілері бойынша электр энергиясын тасымалдау ережелерін бекіту туралы" 1998 жылғы 20 қарашадағы N 23-ОД және N 239, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 4 наурыздағы N 699 болып тіркелген" (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 1999 жылғы 26 сәуірдегі N 738 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 04-ОД және Қазақстан*

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Энергетика және минералдық  
ресурстар министрі

Қазақстан Республикасының  
табиғи монополияларды  
реттеу агенттігі Төрағасы

-----  
Қазақстан Республикасының табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі мен Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Бұйырады:

1. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті мен Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің 1998 жылғы 20 қарашадағы N 23-ОД және N 239-шы бірлескен бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 1999 жылғы 4 наурызда 699-шы V980699 нөмірмен тіркеген "Электр энергиясын аймақтық және/немесе жергілікті деңгейлердегі электр жүйелері бойынша беру Ережелеріне" беріліп отырған өзгерістер бекітілсін.

2. Осы өзгерістер Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Монополияға қарсы заңдылықтың орындалуын қадағалау департаменті мен Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Электр энергетикасы мен қатты отын департаментіне жүктелсін.

Төраға Министр

Қазақстанның Республикасының  
Табиғи монополияларды  
реттеу және бәсекелестікті  
қорғау жөніндегі агенттігі  
мен Қазақстан Республикасының  
Энергетика, индустрия және  
сауда министрлігінің  
1999 жылғы 29 наурыздағы  
N 04-ОД, N 73 бірлескен  
бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 4 наурызда 699-шы тіркеген "Электр энергиясын аймақтық және/немесе жергілікті деңгейлердегі электр жүйелері бойынша беру Ережелерін" бекіту туралы" 1998 жылғы 20-шы қарашадағы N 23-ОД және N 239-шы бірлескен бұйрығына өзгерістер

Ережелердің 2 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Электр энергиясын аймақтық және/немесе жергілікті деңгейлердегі жүйелер бойынша беруді жүзеге асыратын электр жүйесі компаниясы, өзіне өтініш берген ербір нарық субъектісімен мынадай жағдайларда келісім-шарт жасасуға міндепті:

1) егер электр энергиясы сыртқы энергия өндіруші ұйымнан аймақаралық деңгейдегі электр жүйелері бойынша берілген жағдайда аймақаралық және аймақтық деңгейдегі жүйелер шекарасында өтініш берілген қуат 1 МВт-тан кем б о л м а с а ;

2) егер оның немесе оның тұтынушысының электр энергиясы (егер электр жүйесі компаниясы электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асыратын болса) және/немесе оны беру үшін электр жүйесі компаниясы алдында берешегі б о л м а с а ;

3) егер өтініш берілген қуаты 750 кВА және одан да көп тұтынушының есептік ақпаратты кемінде 3 ай мерзімге сақтай отырып тәулік аймақтары бойынша (беріп тұру кестесіне сәйкес) қуатты тұтынуды бақылауға мүмкіндік беретін немесе осы ақпаратты техникалық операторға автоматты түрде беруді қамтамасыз ететін электр энергиясын коммерциялық есепке алатын аспаптары б а р б о л с а ;

4) егер тұтынушының 750 кВА-ға дейін өтініш берілген қуаты бар болса және Электр энергиясын пайдалану ережелеріне сәйкес (Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі 1996 жылғы 5 желтоқсанда 169-шы номірмен бекітіп, Әділет министрлігінде 1997 жылғы 28 сәуірде 293-ші номірмен тіркелген) белгіленген үлгідегі индукциялық типті коммерциялық есепке алу аспаптарымен жарақтандырылса.

Егер тапсырышының тұтынушыларында 3, 4 тармақшаларда көзделген есепке алу аспаптары жоқ болса, онда тапсырышының өтініші бойынша электр жүйесі компаниясы оларды тапсырышымен немесе оның тұтынушысымен келісілген мерзімде тапсырышының немесе оның тұтынушысының есебінен орнатуға міндепті".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК